

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ
ДІН ІСТЕРІ БАСҚАРМАСЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ –
ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТ

Қазақстан Республикасы – зайырлы мемлекет.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабы 1-тармағында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» – делінген. Мемлекетіміздің басты қазынасы – адам және адамның өмірі, оның құқықтары мен бостандықтары болғандықтан азаматтарымыздың өзі қалаған дінге сенуі конституциялық құқықтарының қатарынан табылады. Ата заңымызға сәйкес азаматтарымызды тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты, сондай-ақ басқа да жағдаяттар бойынша кемсітуге тыйым салынған. Ата Заңымыздағы осы айтылған қағидалар мемлекетіміздің зайырлы сипатта екендігінің басты нышандары.

Зайырлы мемлекет – діни наным-сенімді адам болмысына тән қажеттіліктердің бірі ретінде қарастырып, құқықтық нормаларды басшылыққа алады. Зайырлы мемлекетте діни құқық емес, адамның дінге деген құқығы әлеуметтік заңдылықтар шеңберінде қарастырылады.

«Зайырлы» сөзі араб тілінде «захири» (зайырлы) яғни «ашық, сыртқы» деген мағыналарда қолданылады.

Зайырлы мемлекетте азаматтың дінге қатыстылығын мемлекет тарапынан басқаруға болмайды және бала тәрбиелеу барысында ата-аналар өзінің діни наным-сеніміне байланысты баланы оның құқықтарын ескере отырып, тәрбиелеуі құпталады.

«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңда» Әбу-Ханифа бағытындағы ислам діні мен Православиялық христиан дінін халқымыздың рухани-мәдени дамуына үлес қосқан деп көрсетілген.

Ислам – VII ғасырдың басында пайда болған әлемдік монотеистік дін. Қазақ жеріне ислам осыдан 12 ғасырдан астам уақыт бұрын келген.

ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңының преамбуласында Қазақстан халқының рухани өмірі мен мәдениетіндегі исламның сунниттік бағыттағы ханафи мазхабының тарихи ролі атап көрсетілген.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘБУ-ХАНИФА МАЗХАБЫ

Мұсылмандардың арасында кең тараған 4 мазһабтың бірі – Әбу Ханифа мазһабы. Тогызыншы ғасырдан бастап, қысқа мерзім ішінде Ханафи мазһабы Анатолия, Балқан, Солтүстік Кавказ, Еділ аймағы, Орта Азия, Қытай, Үндістан, Ауғанстан төңірегіне және Индонезия аралдарына тараған. Әрі Ханафи мазһабын Алтын Орда хандары, Ұлы Моғолдар және Осман сұлтандары ұстанған. Қазіргі уақытта Ханафи мазһабын ұстанушылар саны жүз миллионнан астам.

Әбу Ханифа 699 жылы (х.80) Куфада дүниеге келді. Әке жолымен мата саудасымен айналысты, бір жағынан терең ислами білім алды. Қалам, фикһ, қырағат салалары бойынша білімін жетілдірді. Кейіннен ұстазының орнын басып, мектепте 30 жыл ұстаздық етті. Әбу Ханифа жастайынан Құран, хадис, өлең, әдебиет, философияға зейін қойып, қалам және хитаба (риторика) ілімдерін меңгерген. Алғашқы болып исламға қатысты фикһтық

үкімдерді Әбу Ханифа өзінің «Фикһ әл-акбар» атты еңбегінде түсіндірді. Негізінен бұл еңбек қалам, ақидаға арналып жазылған. Осы еңбекке 15-тен астам (шарх) түсіндірме жазылған.

Әбу Ханифа болашақта пайда болатын мәселелерге шешім табылсын деп мәдениет, жаза құқығы, куәгерлік, экономика, үйлену, ажырасу, мұрагерлік, жеке құқық және ғибадаттар туралы үкімдер шығарып кітапқа түсірген.

Араб тілінің сөздігінде «мазһаб» сөзінің терминдік мағынасы – «жүрілген жол», ислам дінінде мужтахид деп қабыл етілген кісінің сенім мен амалда білдірген көзқарастарын ұстанатын жол.

Ислам тарихында «мазһаб» сөзі итиқади (сенімдік), саяси және фикһқа (амалға) қатысты көзқарастардың барлығына қолданылады.

Ислам тарихындағы мазһабтар үшке бөлінеді. Саяси, итиқади, саяси және фикһқа (амалға) қатысты көзқарастардың барлығына қолданылады.

Мазһаб жайлы дұрыс түсінік қалыптастыру үшін бөрінен бұрын мазһаб туралы таным болуы шарт. Себебі қазірге таңда, мазһабтың маңыздылығын насихаттаушылармен қатар, мазһабтың терістігін алға тартушылар да көптеп кездеседі. Сондықтан әрбір тұрғын халықтың мазһаб жайлы мағлұматы болуы керек.

Фикһ мазһабтарының құрылымы, қамтитын нысаны жайлы көпшілік біле бермейді. Егер фикһ саласының қаншалықты кең ауқымды қамтитынын білсе, жастар діни мәселелерді шешуге асықпас еді. Сонымен қатар итиқади (сенімдік) мазһабтар да мұсылман қауымы үшін зор маңызға ие.

Алғаш аян келген тұста фикһ жоқ болатын. Оның мазмұны исламның Мәдине кезеңінде пайда болып, қалыптасты. Алғаш ислам құқық негіздері Меккеліктердің дәстүр-салты, ғұрпынан тұратын. Исламның нормаларын Құран белгілесе, оны жүзеге асырушы «өнеге» – үлгі

көрсетуші – Пайғамбар (с.а.у) болды. Сондықтан Мұхаммед пайғамбардың (с.а.у) өнегесі кейінгі мұсылмандарға ұлы жол – сунна ретінде қабылданды. Бұл қажеттілік өзін пайғамбар қайтыс болғаннан кейін арта түсті. Нәтижеде «хадис ғылымы» қалыптасты. Құранды ұғынуда, танудағы негіз – Құран, Хадис, Иджма, Қияс, Сахабалар сөзі, истихсан және әдет-ғұрып болса, осы компоненттердің ішіндегі иджма, яғни, көпшілік көзқарастардың жиынтығы ислам құқығының, фикһтың дамуына үлкен үлес қосты. Ол да бір ислам тарихындағы кезеңді білдіреді. Осы сахаба факихтер қатарында саналатын Абдуллах бин Масғудтың төртінші ұрпақтан жалғасатын, шәкірттердің бірі әрі бірегейі – Әбу Ханифа болатын. Ол – өзі ислам құқық мектебін қалыптастырушы ретінде, қырық маманнан тұратын фикһ мектебін ашты. Бұл мектеп сол дәуір үшін құқық ғылымын дамытып қана қоймады, заңдарды сараптап, жүйеге түсіріп, дәстүрге айналдырды. Ислам фикһының кем-кетіс жерлерін таба білді, толықтырды.

Құқықтың ислам бойынша негіздері қалыптасқан дәстүр бойынша Құран, хадис, иджма, қияс деп жалғасып кете береді. Мұнда діннің мәні мазмұны Құраннан, ал оның жүзеге асырылуы, түсіндірілуі, ұғындырылуы хз.Мұхаммед пайғамбардың (с.а.у) суннасына байланысты. Бірақ, Құран өзгермес ақиқат болса, хадистің – ақиқаты, дұрыстығына көңіл бөлу керек.

Ханафи мазхабының басқа ислам құқық мектептерінен басты айырмашылығы оның хадис суннаға қатынасынан көрініс табады.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПРАВОСЛАВИЕ

Христиан діні (грек тілінен аударғанда Christos – «мәсіхтелген», «мәсіх») Палестина жерінде екі мың жыл бұрын пайда болған монотеистік дін.

Ислам және буддизммен қатар христиан діні де үш әлемдік діндердің қатарына кіреді. Көне Өсиет және Жаңа Өсиет Қасиетті Жазбалар болып табылады. Христиан дінінің негізгі қағидалары сенімнің тарихи үш нышандарында қысқаша түрде берілген: Апостолдық, Никейлік (*немесе Никей-Константинопольдық*) және Афанасийлік.

Қазақстандағы православие

Православиелік христиан діні – Қазақстанда дінге сенушілерінің саны бойынша исламнан кейінгі екінші діни бағыт.

Қазіргі күнде елімізде 317 православиелік діни бірлестіктер бар, оның ішінде 301 приходтар, 9 епархия, сонымен қатар республикалық діни бірлестік – Митрополия округі қызмет етеді.

Сонымен қатар, православиелік христиандық шеңберінде Армян апостоль шіркеуі және 8 ескі дәстүршілдер шіркеуі қызмет атқарады.

Қазақстандағы православие шіркеуінің миссионерлерінің саны 70 адам, олардың басым көпшілігі Ресей Федерациясының азаматтары болып табылады.

Дін істері комитеті 2014 жылы Қазақстандағы православие шіркеуімен ынтымақтастық туралы Келісімге қол қойды.

Оңтүстік аймақтарда алғашқы әскери діни қауымдар (кішкентай шіркеулер, сиыну үйлері) 1866 жылы Түркістан мен Шымкентте пайда болған.

Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде шіркеулер салу XIX ғасырдың 80-ші жылдары басталды. Осылайша, 1901 жылдың өзінде Сырдария облысында күйдірілген кірпіштен қаланған сегіз шіркеу болған.

XX ғасырдың басында Түркістан (құрамына Қазақстанның көптеген аумағы кірген) аумағында 391 мың православ христиандар мен 306 шіркеу болған.

Ислам мен православие еліміздің маңызды рухани өміріне арқау болғандығы жайлы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев бірнеше рет айтып өткен болатын.

Қазақстандағы ресми мерекелердің қатарына Рождество (Исаның Туылуы) православ мерекесі (7 ақпан) енгізілді. Бұл күн республика көлемінде демалыс күні болып саналады. Тәуелсіз Қазақстанның тарихының бастауынан бастап Орыс православ шіркеуі, оның ішінде Қазақстан Республикасындағы Митрополиттік округ мемлекеттің серіктесі болып, қоғамдағы тұрақтылық пен конфессияаралық бейбітшілікті сақтауға бағытталған саясатта ерекше маңызға ие болуда.

Қазақстандағы католицизм

Қазақстандағы католицизм өз бастауын ХҮІІІ ғасырдан алады.

Елімізде католик шіркеуі провинциясы (Митрополия) қызмет етеді, оның орталығы Астана қаласындағы Қасиетті Мәриам Ана Архиепархиясы. Қазақстан аумағында 84 католик қауымы қызмет атқарып отырған болса, оның ішінде 5-і грек-католик шіркеуінің тармағы болып табылады.

Еліміздегі Рим-католик шіркеуі өз қызметін 1998 жылы Елбасы Н.Ә. Назарбаев Ватиканға жасаған ресми іссапары барысында қол қойылған және Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылы 19-мамырдағы №141 Жарлығымен бекітілген Қазақстан мен Қасиетті Тақ арасындағы өзара қарым-қатынас туралы келісім негізінде жүзеге асыруда.

Дін саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру мәселелері бойынша ақпарат алғыңыз келсе, келесідей сайттарға жүгінуге болады.

1. ҚР Қоғамдық даму министірлігі – [«www.din.gov.kz»](http://www.din.gov.kz).
2. «Дін мәселелері жөніндегі ғылыми –зерттеу және талдау орталығы» РММ-нің сайты - [«niac.gov.kz»](http://niac.gov.kz)
3. «Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығы» РММ-нің сайты - [«mckr.kz»](http://mckr.kz)
4. Батыс Қазақстан облысы дін істері басқармасы – www.dinzko.gov.kz

Кітапша Батыс Қазақстан облысы Дін істері
басқармасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы
бойынша дайындалды

Басқарманың мекен-жайы:
Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Достық-Дружба 215Б
БҚО Дін істері басқармасы – 309 кабинет
Дін мәселелерін зерттеу орталығы – 407 кабинет.

Жеке сайтымыз:

www.dinzko.gov.kz

www.sunnet.kz

Әлеуметтік желілердегі мекен-жайымыз:

[facebook.com/ dinkgu](https://facebook.com/dinkgu)

vk.com/dinkgu_oral

[www.facebook.com](https://www.facebook.com/sunnet.kz) sunnet.kz

[Instagram](https://instagram.com/sunnet.qz). sunnet.qz

Электронды пошта:

dinzko@mail.ru

dinkgu@mail.ru

Сенім телефоны 8 (7112) 24-46-46



«Атырау жас өрендері»
Қоғамдық бірлестігі

Байланыс: Атырау қ, Абая, 13
Тел. 8 708 421 66 67
Таралымы: 2500 дана